

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 ақпандағы № 122 қаулысы

2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

15 - тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды, орталық мемлекеттік органдардың және ведомстволардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;»;

16 - тармақта:

30), 37), 40) және 46) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«30) төреліктерде, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ дауларды төрелікте (сотта) реттегенге дейінгі процесте мемлекеттің мүдделерін қорғауды және білдіруді қамтамасыз ету;»;

«37) басқа тұлғалардың өтініші бойынша сотқа олардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, сол сияқты Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 55-бабында белгіленген тәртіппен қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы талап-арызбен сотқа жүгіну;»;

«40) құқықтық ақпараттандыруды қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкін жүргізуді, Қазақстанда құқықтық ақпараттың бірыңғай компьютерлік жүйесін жүргізуді қамтамасыз ету;»;

«46) төреліктерде, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ дауларды төрелікте (сотта) реттегенге дейінгі процесте мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі тартатын шетелдік заң консультанттарының жұмысын үйлестіру;»;

мынадай мазмұндағы 51) тармақша алып тасталсын:

«51) мемлекеттік органдарды құқықтық қамтамасыз ету тиімділігін бағалау;»;

52), 62), 68), 69) және 70) тармақшалар алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 72-2), 72-3), 72-4), 72-5), 72-6), 72-7), 72-8), 72-9), 72-10), 72-11), 72-12), 72-13) тармақшалармен толықтырылсын:

«72-2) сот орындаушылары қаулыларының үлгілік нысандарын әзірлеу және бекіту;

72-3) жеке сот орындаушылары көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есеп пен жиынтық есеп нысанын әзірлеу және бекіту;

72-4) жеке сот орындаушыларының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуі туралы келісім нысанын әзірлеу және бекіту;

72-5) жеке сот орындаушысының алиментті және жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындауымен байланысты қызметіне ақы төлеу тәртібін белгілеу ;

72-6) жеке сот орындаушысының қызметтік үй-жайының орналасқан жеріне және жабдықталуына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

72-7) тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттарын белгілеу;

72-8) жеке сот орындаушыларының куәлігі мен жеке мөрінің үлгілерін әзірлеу және бекіту ;

72-9) жеке сот орындаушысында тағылымдамадан өту қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

72-10) жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасының мөлшерін әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекіту үшін ұсыну;

72-11) жеке сот орындаушыларын есептік тіркеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

72-12) жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу жөніндегі комиссияның ережесін әзірлеу және бекіту;

72-13) жеке сот орындаушысының алиментті және жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша мәжбүрлеу шараларын қабылдаумен байланысты қызметіне ақы төлеу мөлшерін әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекіту үшін ұсыну ; » ;

95) және 97) тармақшалар алып тасталсын;

98), 101), 105), 106), 107) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«98) азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша аумақтық әділет бөлімшелеріне әдістемелік көмек көрсету;»;

«101) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, филиалдар мен өкілдіктерді есептік

т і р к е у ; » ;

«105) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу ;

106) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) қызметін құзыреті шегінде тексеруді жүзеге асыру;

107) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу бөлігінде құқықтық кадастр ақпараттық жүйесін қалыптастыру және жылжымалы мүлік кепілінің құқықтық кадастры ақпараттық жүйелері мен тізілімін жүргізу;»;

мынадай мазмұндағы 107-1), 107-2), 107-3), 107-4), 107-5), 107-6), 107-7) тармақшалармен толықтырылсын:

«107-1) ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу салаларында ақпараттық жүйелерді қолдауға қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

107-2) ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу салаларында ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

107-3) Мемлекеттік корпорацияның ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу салаларында статистикалық және өзге де есептілікті ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

107-4) Мемлекеттік корпорация өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын келісу;

107-5) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау ;

107-6) заң жобалары тұжырымдамаларының жобаларын және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру және жария талқылау тәртібін келісу;

107-7) аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін (К а й м .) келісу ; » ;

мынадай мазмұндағы 118-1) тармақшамен толықтырылсын:

«118-1) адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу тәртібін әзірлеу және бекіту;»;

17-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де

өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.».

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші, қырық екінші және қырық төртінші абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК